

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы жасырынып жүрген қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № 1178 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы жасырынып жүрген қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Ноғайұлы Асылықовқа Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы жасырынып жүрген қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы 18 ақпандағы
№1178 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы жасырынып жүрген қылмыскерлерді ұстап беру туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкіметі осы Келісімді жасасуға тиісті түрде уәкілеттік берген Қытай Халық Республикасының Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы (бұдан әрі - Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы)

жасырынып жүрген қылмыскерлерді өзара ұстап беру үшін негіз жасауға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Ұстап беру міндеттемесі

Тараптар осы Келісімнің және өз заңнамасының ережелерін сақтай отырып, бір Тараптың юрисдикциясы шегінде жасалған және екінші Тараптың юрисдикциясы шегінде белгіленген осы Келісімнің 2-бабында көзделген қылмыс үшін қылмыстық қудалауға ұшырайтын немесе сотталған кез келген адамды біріне-бірі ұстап беруге міндеттенеді.

2-бап

Ұстап беру қолданылатын қылмыстар

1. Ұстап беру:

а) екі Тараптың заңнамасы бойынша бір (1) жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырумен немесе түрмеге қамаудың басқа түрімен немесе неғұрлым қатаң жазамен жазаланатын, және

б) Сұрау салынатын Тараптың заңнамасымен ұстап беруге жол берілетін қылмыс үшін қанағаттандырылуға тиіс.

2. Әрбір Тарап өз заңнамасына сәйкес ұстап беру қанағаттандырылуы мүмкін болатын қылмыстардың тізімін екінші Тарапқа береді.

Әрбір Тарап осындай тізімді осы Келісімнің 22-бабының 1-тармағына сәйкес осы Келісімнің күшіне енуі үшін рәсімдердің орындалғаны туралы екінші Тарапты хабардар ететін күннен кешіктірмей беруге тиіс.

Әрбір Тарап осындай тізімдегі кейінгі кез келген өзгерістер туралы екінші Тарапқа дереу хабар береді.

3. Осы баптың мақсаттары үшін іс-әрекет екі Тараптың заңнамасы бойынша қылмыс болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындау кезінде:

а) қылмысты құрайтын іс-әрекет Тараптардың заңнамасы бойынша қылмыстардың нақ сол бір санатына жататыны не жатпайтыны немесе қылмыс нақ сол немесе басқа терминологиямен берілетіні маңызды емес; және

б) ұстап беру сұратылып отырған адамға қатысты болжамды іс-әрекеттердің барлық жиынтығы ескеріледі және Тараптардың заңнамасына сәйкес қылмыстың құрамдас элементтерінде айырмашылықтың бар-жоғы маңызды емес.

4. Егер ұстап беру сот үкімін орындау мақсатында сұратылса, бас бостандығынан айырудың немесе түрмеге қамаудың қалған мерзімі кемінде алты (6) айды құрауға тиіс.

5. Егер адамды ұстап беру сот үкімін орындау мақсатында сұратылса, адам сырттай сотталған жағдайда, егер Сұрау салушы Тарап адамның құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында істі оның қатысуымен қайта қарау кепілдігін ұсынбаса, Сұрау салынатын Тарап оны ұстап беруден бас тарта алады.

6. Сұрау салынатын Тараптың заңнамасымен оның аумағынан тысқары жерде жасалған осындай қылмыс үшін қылмыстық қудалауға жол берілген жағдайда, Сұрау

салушы Тараптың аумағынан тысқары жерде жасалған қылмыс үшін ұстап беру қанағаттандырылуға тиіс.

3-бап

Азаматтарды ұстап беру

1. Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы Қытай Халық Республикасының азаматтарын ұстап беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ұстап беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

2. Сұрау салынатын Тарап осы құқықты пайдаланған кезде Сұрау салушы Тарап адамды қылмыстық қудалау туралы мәселені шешу үшін істің және онымен байланысты дәлелдемелердің, құжаттар мен шешімдердің Сұрау салынатын Тараптың органдарына берілуін сұрата алады. Бұл Тарап Сұрау салушы Тарапқа қылмыстық қудалаудың қабылданған кез келген әрекеттері мен нәтижелері туралы хабарлайды.

3. Азаматтық ұстап беруді сұратуға себеп болған қылмыс жасалған кезде анықталады.

4-бап

Ұстап беруден бас тарту үшін міндетті негіздер

1. Егер Сұрау салынатын Тараптың:

а) іздестіріліп жатқан адам жасаған қылмыс саяси сипаттағы қылмыс болып табылады; немесе

б) ұстап беру туралы сұрау салу адамды нәсіліне, дініне, ұлтына немесе саяси нанымына қарай қылмыстық қудалау немесе жазалау мақсатында жіберілген немесе сол адамның жағдайы осы себептердің кез келгені бойынша нашарлауы мүмкін деп пайымдауға дәлелді негіздері болса, адамды ұстап беруге болмайды.

2. Егер адам ақталса, сотталса, оған кешірім жасалса немесе Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес сұрау салуда көрсетілген қылмыс үшін оған қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылса не айыптау үкімінің күші жойылса, онда ол осы қылмыс үшін ұстап берілмеуге тиіс.

3. Егер:

а) сұрау салынған жағдайда Қазақстан Республикасына ұстап беру Қазақстан Республикасының егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне, қорғаныс немесе сыртқы істер мәселелеріне не өзге де елеулі мүдделеріне айтарлықтай қайшы келсе; немесе

б) сұрау салынған жағдайда Гонконг арнаулы әкімшілік ауданына ұстап беру Қытай Халық Республикасының егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне,

қорғаныс немесе сыртқы істер мәселелеріне не өзге де елеулі мүдделеріне айтарлықтай қайшы келсе, адам ұстап беруге жатпайды.

4. Адамды жалпы қылмыстық құқық бойынша қылмыс болып табылмайтын әскери қылмыс үшін ұстап беруге болмайды.

5-бап

Ұстап беруден бас тарту үшін факультативтік негіздер

Егер Сұрау салынатын Тарап:

- a) қылмыс Сұрау салынатын Тараптың юрисдикциясы шегінде жасалды;
- b) ұстап беру Сұрау салынатын Тараптың халықаралық шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзуына алып келуі мүмкін;
- c) істің мән-жайын ескере отырып, ұстап беру іздестіріліп жатқан адамның жасына, денсаулығына немесе басқа да жеке мән-жайларына байланысты адамгершілік пайымдауларымен үйлеспейді; немесе
- d) ұстап беру Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес келмейді деп есептесе, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін.

6-бап

Ұстап беруді кейінге қалдыру және уақытша ұстап беру

1. Егер ұстап беру туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тарапта қудаланатын адамға қатысты жіберілсе, Сұрау салынатын Тарап:

- a) осындай адамға қатысты қылмыстық қудалау аяқталғаннан кейін ұстап беру рәсімін бастайды; немесе
- b) егер мұндай адам бас бостандығынан айыруға сотталса, ұстап беру рәсімін бастай алады және бұл адамды қылмыстық қудалау мақсатында Сұрау салушы Тарапқа уақытша бере алады.

2. Егер ұстап беру туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес жазасын өтеп жатқан адамға қатысты жіберілсе, онда бұл Тарап мұндай адамды қылмыстық қудалау мақсатында Сұрау салушы Тарапқа уақытша ұстап бере алады.

3. Адам уақытша ұстап берілген жағдайда оны Сұрау салушы Тарап күзетпен ұстайды және оған қатысты іс жүргізу аяқталғаннан кейін Тараптармен келісілген шарттарға сәйкес Сұрау салынатын Тарапқа қайтарады.

7-бап

Орталық органдар

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы тарапынан Бас прокуратура орталық орган болып табылады, Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы

тарапынан Әділет хатшылығы не Әділет хатшылығы уәкілеттік берген тұлға орталық орган болып табылады.

2. Тараптардың орталық органдары тікелей өзара іс-қимыл жасайды және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес ұстап беру туралы сұрау салуларды қарайды.

3. Тараптар өздерінің орталық органдары өзгерген жағдайда бірін-бірі дереу хабардар етеді.

8-бап

Сұрау салу және растайтын құжаттар

1. Сұрау салу жазбаша нысанда жіберіледі және онда:

а) іздестіріліп жатқан адамның жеке басын, азаматтығын және тұрған жерін анықтауға ықпал ететін кез келген басқа да ақпарат көрсетіле отырып, оның неғұрлым нақты сипаттамасы;

б) ұстап беруді сұратуға себеп болған әрбір қылмыстың, сондай-ақ адам осы қылмыстардың әрқайсысы бойынша айыпталатын әрекеттер мен әрекетсіздіктің сипаттамасы, сондай-ақ олардың жасалған уақыты мен орны; және

с) қылмысты саралайтын құқықтық нормалардың мәтіні және қылмыс үшін көзделген, тағайындалуы мүмкін жаза қамтылады.

2. Егер сұрау салу:

а) қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқан адамға қатысты болса, оған Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес Сұрау салушы Тараптың соты берген қамаққа алу ордерінің немесе осыған ұқсас құжаттың және егер қажет болса, дәлелдемелер туралы кез келген басқа құжаттардың көшірмесі қоса беріледі; немесе

б) сырттай сотталған адамға қатысты болса, оған Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес Сұрау салушы Тараптың соты берген қамаққа алу ордерінің немесе осыған ұқсас құжаттардың, адамның жазасына қатысты сот шешімдерінің және егер қажет болса, дәлелдемелер туралы кез келген басқа құжаттардың көшірмесі қоса беріледі.

3. Егер сұрау салу сотталған адамға қатысты болса, оған Сұрау салушы Тараптың заңнамасына сәйкес сотталғанын немесе жазаланғанын растайтын құжаттың көшірмесі, сондай-ақ:

а) егер жаза тағайындалмаса, тиісті соттың анықтамасы және қамаққа алу ордерінің көшірмесі; немесе

б) егер жаза тағайындалса, сот үкімі орындалуға жататыны және жазаның өтелуге жататын бөлігі туралы анықтама қоса беріледі.

9-бап

Қуәлік және құжаттар тілі

1. Ұстап беру туралы сұрау салуға қоса берілетін құжаттар, егер олар тиісті түрде куәландырылса, оларда қамтылған фактілердің дәлелдемелері ретінде қабылданады. Құжаттарға:

а) Сұрау салушы Тараптың судьясы, магистраты немесе уәкілетті лауазымды адамы қол қойса және куәландырса; және

б) Сұрау салушы Тараптың құзыретті органының ресми мөрімен бекемделсе, олар тиісті түрде куәландырылған болып саналады.

2. Сұрау салушы Тарап ұсынған, ұстап беру туралы сұрау салуға қоса берілетін, құжаттардың куәландырылған аудармасына адамды ұстап беру рәсімінің барлық мақсаты үшін жол беріледі.

3. Осы Келісімге сәйкес ұсынылған барлық құжат Сұрау салынатын Тараптың ресми тіліне немесе ағылшын тіліне аударылуға тиіс.

10-бап

Қосымша ақпарат

1. Егер Сұрау салушы Тарап ұсынған ақпарат Сұрау салынатын Тараптың осы Келісімге сәйкес шешім қабылдауы үшін жеткіліксіз болса, соңғы Тарап қажетті қосымша ақпаратты сұрата алады және оны алу мерзімін белгілей алады.

2. Егер іздестіріліп жатқан адам қамақта болса және ұсынылған қосымша ақпарат осы Келісімге сәйкес жеткіліксіз болса немесе белгіленген мерзімде алынбаса, онда адам босатылуы мүмкін. Егер қосымша ақпарат кейіннен алынса, адамды осылайша босату іздестіріліп жатқан адамды қайта қамаққа алуға және ұстап беруге кедергі болмайды.

3. Егер адам осы баптың 2-тармағына сәйкес күзетпен ұстаудан босатылса, Сұрау салынатын Тарап бұл туралы Сұрау салушы Тарапты мүмкіндігінше тез арада хабардар етеді.

11-бап

Алдын ала қамаққа алу

1. Кезек күттірмейтін жағдайларда Сұрау салушы Тараптың сұрау салуы бойынша іздестіріліп жатқан адам Сұрау салынатын Тараптың қалауы бойынша және оның заңнамасына сәйкес алдын ала қамаққа алынуы мүмкін.

2. Алдын ала қамаққа алу туралы сұрау салуда:

а) адамды ұстап беруді сұрату ниетін растау;

б) қамаққа алуға арналған ордердің немесе сот шешімінің және егер қолданылатын болса, осы адамға қатысты үкімнің болуы туралы анықтама;

с) адамның жеке басы, азаматтығы және болуы ықтимал жері, сипаттамасы туралы ақпарат; және

д) қылмыстың және іс мән-жайларының қысқаша сипаттамасы, қылмыс жасауына байланысты шығарылған немесе шығарылуы мүмкін үкім туралы және егер қолданылатын болса, осы жазаның өтелуге жататын бөлігі туралы анықтама болуға тиіс.

3. Алдын ала қамаққа алу туралы сұрау салу жазбаша нысанда орталық органдар немесе Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол) арқылы жіберіледі.

4. Сұрау салынатын Тарап алдын ала қамаққа алу туралы сұрау салуға қатысты өзінің шешімі туралы Сұрау салушы Тарапқа дереу хабар береді.

5. Егер ұстап беру туралы сұрау салу және растайтын құжаттар алынбаса, іздестіріліп жатқан адамды алдын ала қамаққа алу күзетпен ұсталған күннен бастап қырық (40) тәулік өткен соң тоқтатылады. Егер ұстап беру туралы сұрау салу және растайтын құжаттар кейіннен алынса, адамды осы тармаққа сәйкес босату іздестіріліп жатқан адамды қайта қамаққа алуға және ұстап беруге кедергі болмайды.

12-бап

Бәсекелес сұрау салулар

1. Егер Тарап нақ сол бір адамды ұстап беру туралы сұрау салуларды екінші Тараптан және басқа юрисдикциялардан алса, Сұрау салынатын Тарап өзінің заңнамасына сәйкес қолданылатын барлық мән-жайды ескере отырып шешім қабылдайды.

2. Сұрау салынатын Тарап себептерін көрсете отырып, осы баптың 1-тармағына қатысты өзінің шешімі туралы екінші Тарапты хабардар етеді.

3. Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы үшін осы Келісімнің ережелері Гонконг арнаулы әкімшілік ауданы мен Қытай Халық Республикасының басқа юрисдикциялары арасындағы жасырынып жүрген қылмыскерлерді ұстап беру туралы уағдаластықтарды қозғамайды.

13-бап

Өкілдік ету және шығыстар

1. Сұрау салынатын Тарап ұстап беру рәсімі бойынша барлық қажетті шараны қабылдайды және шығыстарды өтейді, сондай-ақ Сұрау салынатын Тарапта Сұрау салушы Тараптың мүдделерін білдіреді.

2. Егер ұстап беру туралы сұрау салуды орындау күтпеген шығыстарды талап етсе, Тараптар шығыстардың қалай өтелетінін айқындау мақсатында консультациялар жүргізеді.

3. Сұрау салынатын Тарап іздестіріліп жатқан адамды ұстап бергенге дейін оны қамаққа алуға және күзетпен ұстауға байланысты шығысты көтереді. Кейінгі шығыстардың барлығын Сұрау салушы Тарап көтереді.

14-бап

Адамды беру

1. Сұрау салынатын Тарап ұстап беру туралы сұрау салу бойынша шешім қабылданғаннан кейін бұл шешім туралы Сұрау салушы Тарапқа хабарлайды. Сұрау салуды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартылған жағдайда оның себептері көрсетілуге тиіс.

2. Егер адам ұстап берілуге тиіс болса, оны Сұрау салынатын Тараптың органдары Сұрау салынатын Тараптағы Тараптар келіскен қолайлы жерде береді.

3. Сұрау салынатын Тарап ұстап беру туралы сұрау салуға байланысты іздестіріліп жатқан адамның күзетпен ұсталған уақытының ұзақтығы туралы Сұрау салушы Тарапқа хабар береді.

4. Осы баптың 5-тармағының ережелері сақталған жағдайда Сұрау салушы Тарап адамды Сұрау салынатын Тарап айқындаған мерзім ішінде қабылдауға тиіс және егер бұл адам осы мерзім ішінде қабылданбаса немесе әкетілмесе, Сұрау салынатын Тарап сол адамды нақ осындай қылмыс үшін ұстап беруден бас тарта алады.

5. Егер қандай да бір Тарапқа байланысты емес мән-жайлар бұл адамды беруге немесе алуға кедергі келтірсе, ол бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге тиіс. Бұл жағдайда Тараптар берудің жаңа күнін келіседі және осы баптың 4-тармағының ережелерін қолданады.

15-бап

Заттарды беру

1. Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес адамды ұстап беру туралы сұрау салу қанағаттандырылған кезде Сұрау салынатын Тарап:

а) Сұрау салушы Тарапқа:

i) қылмыс жасалғанының дәлелдемелері ретінде талап етілуі мүмкін болатын; немесе

ii) іздестіріліп жатқан адам қылмыс жасау салдарынан иемденген және оның меншігіндегі немесе кейіннен табылған барлық затты, оның ішінде ақшалай соманы береді;

б) егер көрсетілген заттар Сұрау салынатын Тарапта талқылаудың жалғасуына байланысты алып қоюға немесе тәркіленуге жатса, оларды уақытша кейінге қалдыра алады немесе оларды қайтару шартымен бере алады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері іздестіріліп жатқан адамнан басқа, Сұрау салынатын Тараптың немесе кез келген үшінші тараптардың құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс. Егер мұндай құқықтар бар болса, тиісті талқылаулар аяқталғаннан кейін Сұрау салынатын Тараптың сұрау салуы бойынша бұл заттар мүмкіндігінше жылдам өтеусіз қайтарылуға тиіс.

3. Сұрау салушы Тараптың сұрау салуы бойынша көрсетілген заттар адамды ұстап беру жүзеге асырылмаса да, осы Тарапқа берілуі мүмкін.

16-бап

Арнаулы қағида

1. Ұстап берілген адамды:

(a) ұстап беруді қанағаттандыруға себеп болған қылмыстан;

(b) мұндай іс-әрекет осы Келісімге сәйкес ол үшін ұстап берілуі мүмкін қылмыс болып табылатын және бұл қылмыс адам ұстап берілген қылмыс үшін тағайындалатын жазадан қатаң емес жазамен жазаланатын жағдайда, оның сипаттамасына қарамастан, мәні бойынша оны ұстап беру қанағаттандырылған нақ сол фактілерге негізделген қылмыстан;

(c) ұстап беруге қатысты Сұрау салынатын Тарап өзінің жазбаша келісімін берген, осы Келісімге сәйкес ұстап беруді қанағаттандыруға себеп болуы мүмкін кез келген өзге қылмыстан басқа, ұстап берілгенге дейін жасалған қандай да бір қылмысы үшін Сұрау салушы Тарап жауапқа тарта алмайды, ұстай алмайды, соттай алмайды немесе жеке бас бостандығын қандай да бір өзге түрде шектей алмайды.

2. Егер адамның Сұрау салушы Тараптан шығып кету құқығын іске асыру мүмкіндігі болса да, ол тиісті Тараптың заңнамасымен рұқсат етілген мерзім ішінде оны жасамаса немесе Сұрау салушы Тараптан шығып кетіп, өз еркімен оған қайта оралса, осы баптың 1-тармағы қолданылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының с) тармақшасының мақсаттары үшін Сұрау салынатын Тарап осы Келісімнің 8-бабында аталған кез келген құжатты ұсынуды талап ете алады.

17-бап

Қайта экстрадициялау

1. Ұстап берілген адамды мынадай:

a) Сұрау салынатын Тарап осындай ұстап беруге келісім берген; немесе

b) оның Сұрау салушы Тараптан шығып кету құқығын іске асыру мүмкіндігі болса да, ол тиісті Тараптың заңнамасымен рұқсат етілген мерзім ішінде оны жасамаған

немесе Сұрау салушы Тараптан шығып кетіп, өз еркімен оған қайта оралған жағдайларды қоспағанда, ұстап берілгенге дейін жасаған қылмысы үшін басқа юрисдикцияға қайта экстрадициялауға болмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының а) тармақшасының мақсаттары үшін Сұрау салынатын Тарап осы Келісімнің 8-бабында аталған кез келген құжатты ұсынуды тал ап ете алады.

18-бап

Транзит

Заңнамада жол берілген шектерде Тараптың аумағы арқылы транзиттеуге жазбаша сұрау салу бойынша рұқсат етілуі мүмкін.

19-бап

Нәтижелер туралы хабардар ету

Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тараптың сұрау салуы бойынша қылмыстық қудалау туралы немесе ұстап берілген адамға қатысты шығарылған сот үкімін орындау туралы ақпаратты немесе сол адамды үшінші юрисдикцияға ұстап беру туралы ақпаратты Сұрау салынатын Тарапқа мүмкіндігінше тез арада беруге тиіс.

20-бап

Басқа келісімдермен арақатынасы

Осы Келісімнің ережелері кез келген Тараптың өздері тараптары болып табылатын, қолданыстағы өзге де халықаралық шарттардың, заңдардың ережелеріне және практикаға сәйкес ынтымақтастықты жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

21-бап

Консультациялар және келіспеушіліктерді шешу

1. Орталық органдар сұрау салу бойынша осы Келісімді түсіндіруге, іске асыруға және қолдануға қатысты бірлескен консультациялар жүргізеді.

2. Егер орталық органдар келісімге дербес қол жеткізе алмаса, осындай консультациялардың нәтижесінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер дипломатиялық арналар арқылы шешіледі.

22-бап

Қорытынды ережелер

1. Әрбір Тарап екінші Тарапты осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті өзінің ішкі рәсімдерінің аяқталғаны туралы ресми арналар арқылы жазбаша түрде хабардар етеді. Келісім соңғы хабарлама алынған күннен соң отыз (30) күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісімге Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер осы баптың 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

3. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге күшінде қалады. Кез келген Тарап осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар ете отырып, кез келген уақытта тоқтата алады. Мұндай жағдайда тоқтату осындай хабарлама алынған күннен бастап бір жүз сексен (180) күннен кейін күшіне енеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20 _____ жылғы _____ әрқайсысы қазақ, қытай және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің басым күші болады.

*Қазақстан Республикасы үшін
Гонконг арнаулы әкімшілік
ауданы үшін*

Қытай Халық Республикасының